КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 23 қаңтар №2301-23-00-2/2511 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Dametken» - Даметкен Джардемовна Шектибаевна,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі С.А.Максотова,
жауапкер өкілі Е.К.Ищанов,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 16 тамызда тараптар құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-220 келісім-шартқа (бұдан әрі – шарт) қол қойған. Шарт бойынша жұмыстың атауы – электрқозғалтқыштарды/генераторларды және ұқсас жабдықтарды жөндеу/жаңғырту түріндегі қызметті көрсету. Шарттың орындалу мерзімі – тапсырыс берушінің өтініші бойынша 30 күнтізбелік күн ішінде және 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін деп белгіленген. Тапсырыс беруші веб-портал арқылы орындаушыға 2023 жылғы 18 тамызда 2 генераторды жөндеу туралы өтініш жолдаған, сәйкесінше, шарттың орындалу мерзімі 2023 жылғы 16 қыркүйек болып табылады. Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер жұмыстарды толық емес көлемде жүргізген, яғни генератордың біреуін жөндеп тапсырған, екіншісін жөндемеген.

Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, өндірісте генераторды қолдануға қажеттілік туындағанын, алайда орындаушының міндеттемені орындамауы салдарынан пайдалануға жарамды генератордың болмауы себепті, жағымсыз салдар бар екенін екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сотқа берген түсініктемесінде жұмыстар ішінара орындалғанын, атап айтқанда бір генераторды жөндеп тапсырыс берушіге тапсырғанын, ал екінші генератор жөнделмегенін, өйткені оның қосалқы бөлшегін басқа қаладан алдыру қажет екенін, ол қосалқы бөлшектерге тапсырыс бергенін және оған қаржы қажеттілік туындағанын көрсетіп, соттан заң талабына сай шешім қабылдауды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272, 273 баптарының талабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды. Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындамаған. Жауапкер «екінші генераторды жөндеу үшін басқа қалаға қосалқы бөлшектерге тапсырыс бердім» деген уәждер келтірді, алайда жауапкер өзінің уәжін растайтын дәлелдемені сотқа ұсынбады.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 16 қазанда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Су Арнасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жауапкер «Dametken» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Dametken» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Dametke» жеке кәсіпкерден 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «04» наурыз 2024 жылы заңды күшіне енді.

Судья А.Е.Султангалиева

«2» бетте тігілді

Судья А.Е.Султангалиева